

6D011100-Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

"Индустрия 4.0" цифрлық технологиялары бүкіл әлемде университеттер мен басқа да білім беру мекемелерін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Қазіргі уақытта кең тарап келе жатқан төртінші индустриалды революция — бұл озық ғылыми-техникалық әзірлемелер ғана емес, сонымен қатар еңбек мәдениетінің сапалы өзгеруі. Барлық деңгейдегі мамандардан цифрлық сауаттылық, сыни ойлау, шығармашылық, жобалық ойлау, STEM негізгі құралдарын түсіну, топта жұмыс істей білу және т.б. ХХІ ғасыр құзырлылықтары талап етіледі. Олай болса, бұл жоғары оқу орындарының жұмыс істеу жағдайларының жаһандық өзгеруіне әкеледі, олардың жұмысын және қолданылатын білім беру технологияларын ұйымдастырудың көптеген дәстүрлі тәсілдерін қайта қарау және дамыту қажеттілігін тудырады.

Жаһандық білім беру нарығында өз позициясын сақтауға ұмтылатын университеттердің алдында халықаралық білім беру кеңістігіне кіру міндеті тұр. Университеттердің халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау стратегияларының бірі – цифрлық университетті қалыптастыру. Аталған мәселелер диссертация тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Н.А.Курманғалиева теориялық және практикалық зерттеулерді талдай отырып, диссертациялық жұмысында келесідей ғылыми нәтижелер алды: «Цифрлық педагогикалық университет» түсінігі нақтыланды, оны қалыптастырудың артықшылықтары мен даму бағыттары көрсетілді, цифрлық педагогикалық университетті дамыту үшін ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың қажеттілігі негізделді; цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялары іріктелді; білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

Диссертацияның негізгі мазмұны Scopus деректер қоры базасында импакт факторлы ғылыми журналда – 1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 4, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында – 5 (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 3), жалпы 10 ғылыми мақалалар және 1 әдістемелік құрал жарық көрді.

Курмангалиева Нургуль Айтбаевна ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында білімді ақпараттандыру саласы бойынша алған өзінің теориялық білімін тәжірибеде қолдана білетін, дербес, алдына қойған мақсатына жете білетін зерттеуші ретінде көрсете алды.

Докторант Курмангалиева Нургуль Айтбаевнаның 6D011100–Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, қойылатын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеп, көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



Е.Ы.Бидайбеков

РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
ЗАВЕРЯЮ:	КАДР СЯСАТЫ БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ
ҚОЛЫ	РУКОВОДИТЕЛЯ
ПОДПИСЬ	ОТДЕЛА КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
	НАО «КазНПУ им. Абая»